

## А Н Ы Қ Т А М А.

Жас-Дарын бастауыш мектебі 3-ә сыныбына терроризм  
экстремизм жайлы өткізілген сабағы.

«16» 01 2024 жыл.

Құрметті оқушылар кәзіргі таңда қоғамдағы орын алған дерттiң бiрi терроризм екенi баршыңызға белгiлi .**Терроризм-латын тiлiнен terror (террор)** Қорқыту, өлiм жазасына берумен үркiту , өлтiру және барлық сұмдық қаталдықтар (Даль сөздiгi) Терроризм –жарылыс iстеу, өртеу не басқа әрекеттер,адамдардың апатына қауiп қатер жасайтын, мүлiкке зиян келтiру жасау немесе басқа қоғамдық қатерлердiң болу ақыры , егер бұл әрекеттер қоғамдық қауiпсiздiктi бұзуға мақсатталған болса, халықты қорқыту не басқарушы органдар шешiмiне әсерi , және де нұсқалған әрекеттердi сол мақсаттарда қауiп –қатер iстеу.

• Терроризм теориясы жалпы мәселе болып табылады,себебi ол ешбiр террорист дұшпансыз әр бiр адамды өзiнiң құрбаны ете алады

### Терроризм негiзгi түрлерi

1.ұлтшылдық

2.дiни

3.ядролық

4.көлiк

5.мемлекеттiк

6.халықаралық

7.iшкi

Ұлтшылды- сепаратистiк және ұлтазатетушiлiк мақсаттарға ұмтылады.

**Дiни** – индуистер мен мұсылмандар , мұсылмандар мен христиандар, католиктер-протестанттар , сунниттер–шииттер.

**Әлеуметтiк** –фашистiк ,экологиялық терроризм.

### ҮКІМЕТ ЖӘНЕ ТЕРРОРИЗМ

Үкімет тұрақты саяси жағдайды ұстап тұру үшін терроризмге қарсы жұмыс жасайды, алайда кейде мемлекет басқармасы терроризмнің спецификалық түрімен айналысуы мүмкін. Ол – мемлекеттік терроризм: басқа мемлекеттегі террористік топтарды қолдау.

### Халықаралық терроризм

Терроризмнің спецификалық формасы, 1960 жылдардың аяғында пайда болды және 20 ғасырдың аяғы мен 21 ғасырдың басында айтарлықтай дамыды.

Негізгі мақсаттары: мемлекеттік басқаруды ұйымдастырмау, экономикалық және саяси залал келтіру, үкіметті саясатты өзгертуге итермелейтін тұрақсыздық болып табылады. Бұл халықаралық құқықтық тәртіп пен мемлекетаралық қатынастарға ерекше қауіп төндіреді. Халықаралық терроризмнің кез келген акциясы бірнеше мемлекеттердің мүдделерін қозғайды және мұндай акциялардың жолын кесу немесе алдын алу үшін кең мемлекетаралық ынтымақтастық қажет.

Теракт үшін, толық күрес шараларымен салыстырғанда көп ақша, адамдар, қару-жарактың және іскери істегі дағдылардың қажеті жоқ. Бірақ соған қарамастан, оның әсері әлдеқайда күшті болуы ықтимал.

Оппозиционерлердің билікке қатысты терроризмі және мемлекеттік терроризм, яғни биліктегілердің өздерінің терроризмі;

Индивидуалды терроризм және жаппай қылмыстық терроризм.

**Ерекше Формалары** Террор- әлсіз жаққа қарсы күшті жақтың күш қолдануы немесе күш қолдану қаупі (кәдімгі терроризмде – керісінше). Мысалы сталиндік репрессия.

Лидерсіз терроризм-шағын тәуелсіз террористік топтармен немесе жеке адамдармен жасалатын террористік актілер.

**Биотерроризм** – зорлық – зомбылықтың бір түрі, ол токсикалық заттардың бактерия, вирустардың көмегімен жүзеге асатын, саяси және расалық ойлардан келіп шығатын мақсаты қарапайым халыққа нұқсан келтіру болып табылатын терроризмнің түрі.

ДТЖЖО,



М.Жумабаев.

Таныстым сынып жеткішісі

Сер Аспан М.Б.